

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ, БАС МҰФТИ
ӘБСАТТАР ҚАЖЫ ДЕРБІСӘЛІ

ӘЗ ПАЙҒАМБАР ХАЗІРЕТІ МҰХАММЕД


саллаллаһу алейһи уәсаләм



Ғазиреті

МҰХАММЕД

саллаллаһу алейһи уәсәлләм



Сәлімгерей мен ұлы Арманның қасиетті Меккеге келгеніне біраз болды. Бір мезгілде 1 миллион мұсылмандар намазға тұра алатын әл-Харам мешіті мен Құран кәрімнің ең алғашқы “Алақ” сүресінің тұңғыш аяттары түскен Нұр тауын және Ислам отанындағы өзге де діни-тарихи жерлерді аралап көрді.

Жүр енді хазреті Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз дүниеге келген үйді көрейік, – деді Сәлімгерей Арманға.

- Ол қайда, әке? – деді ұлы.
- Осы әл-Харам мешітінің шығыс жағында.

Олар екі қабатты шағын ғимаратқа келді. Есік жақтауынан “Мекке қаласының бас кітапханасы” деген жазуды көрді.

- Пайғамбарымыз осы үйде туған ба? – деді Арман.
- Ия, осы ғимарат орнында бұрын шағын, жұпыны мекенжай болған. Уақыт өте оның орнына осы ғимарат салынған. Бұл жер - қазір өзің көріп тұрғандай Мекке шаһарының кітапханасы.

Олар ішке кірді. Самсаған кітаптар. Көпшілігі діни мазмұнда екен. Араларында Алла тағала Елшісінің (с.ғ.с) өмірбаянына арналғандары да баршылық.

- Әке, хазреті Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың өмір жолы туралы айтыңызшы, – деді Арман.

Сәлімгерей әңгімесін әріден бастап, толқи отырып сөйледі.



...Біздің эрамыздың алтыншы ғасыры. Осы Мекке шаһары. Адамзат надандық тұмшасына тұншығып, әділдік аяққа тапталып, қара мақталып жатқан уақыт. Осынау тағылық билеген алапат азғындық ғасыры аяқталып, әділдік пен шындықты, мейірімділікті аңсағандармен бірге замана ағысы жетінші ғасырға аяқ басқан. Өйткені бұл өз кіндігінен туған қыз балалар тірідей жерге көміліп, айуандық өршіп, адам баласы санасында жат қылықтар мәртебеге айналған уақыт-ты. Қараңғылық, зұлымдық пен қатігездік билеген қоғамда әйел атаулы қорланып, базарларда бейне бір заттай саудаланып, зинақорлық ашықтан-ашық жасалатын.

Әлі жеткен әлсізге әлімжеттік жасап, ұрып-соғып, ойына келгенін істейтін. Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ, адам өмірі ойыншыққа айналған. Күштінің айтқаны – заң, дәрменсіз дымын шығармайды. Адамдар мал тәрізді мойындарына қамыт кигізіліп, базарда сатылатын.

Шөл даланы мекен еткен арабтардың көбісі қыз баласы дүниеге келсе, сұмдық санайтын. Әйелі босанған сәтте нәресте қыз болса, ешкімге тіс жармастан, көрсетпестен тірідей көміп тастайтын немесе терең құдыққа лақтырып жіберетін.

Дүниеге келген мезетте өлтіре алмаса, бес-алты жасқа келгенде әкесі қызын әдемі киіндіріп, қонаққа апаратын кісіше сәндеп ертіп шығатын. Сол бетімен айдалаға апарып, алдын

ала дайындалған орға жығып, шырқырағанына қарамастан, көміп тастайтын да ештеңе болмағандай кері оралатын.

Арабтар арасында кең таралып, қалыптасқан осындай тағылық әдет жайында Құран Кәрім:

“Олар қыз (балалы) болғанын естігенде ашуға булығып, жүздері қап-қара болып түтігіп кететін.

Содан ұялып, ел-жұрттың көзінен тасаланады. Баланы тірі қалдырып (өмір бойы өзі) азап шеккені мақұл ма, әлде тірідей көміп, көзін жойып, біржола тынышталғаны дұрыс па? Неткен ауыр үкім десеңші?!” (Наһл сүресі, 58-59 аяттар) дейді.

Исламнан бұрынғы кезеңде осы дәстүрді ұстанып, іштен шыққан шаранасын құрбан еткен, кейін исламды қабылдаған сахабалардың бірі пайғамбарымызға басынан өткен оқиғаны былайша әңгімелеген:

“Ей, Алланың Елшісі! Біз қараңғы дәуірде қыз балаларды тірідей жерге көметін едік. Менің де бір қызым бар-ды. Бір күні “Мынаны жақсылап киіндір, нағашысына алып барамын”, – дедім. Әйелім айтқанымды екі етпеді. Қызым шынымен ақ нағашысына барамын деп қатты қуанды. Мен оны алып кеттім. Алдын ала қазып қойған терең шұңқырдың жанына әкеліп, оған “шұңқырға қара” дедім. Ол еңкейе бергені сол еді, артынан бір теуіп, шұңқырға құлаттым. Ол шұңқырдың ернеуіне жабысып, шығуға жанталасты, мен тағы бір теуіп ішіне түсірдім де, оны тірідей топыраққа көміп тастадым”.

Осы оқиға айтылып жатқанда Алла Елшісі (с.ғ.с) мен жанындағылар жылады. Сол жерде отырған біреу: “Ей, пенде, Пайғамбарды мұңайттың ғой”, – дей беріп еді, Рақым Пайғамбары (с.ғ.с) әлгіге: “Тағы бір рет айт”, – деді. Ол оқиғаны қайталап айтты. Екі Әлем Сардарының жанарынан аққан жас қасиетті сақалын жуып кетті.

Алла Елшісінің (с.ғ.с) оқиғаны қайталатуында, “Міне, сендер Исламнан бұрын осындай едіңдер. Исламның сендерге



әкелген адамдық ізгі қасиетін тағы бір рет еске алуларың үшін қайталатып айтқыздым” деуінде тағылым жатқан-ды.

Барлық адамдар бір құтқарушының келетініне сенетін. Соны күтіп, жанын қоярға жер таппай аласұратын. Надандық өршіген қоғамда адам болып аяқ басудың өзі ерсі көрінетін.

Алла осынау тұманды сейілтуді үшін рақымдылығының дәлелі ретінде Ұлы тұлғаны – хазіреті Мұхаммедті (с.ғ.с.) дүниеге жолдамақ болды. Дүниенің рухани кейпін өз нұрымен сәулелендіріп, адамзатқа мәңгілік бақыттың жолын көрсететін жолбастаушының келер күні таяған-ды.

Әлем үлкен ізетпен өз сұлтанын тағатсыздана күтті. Жаратылыстағы әрбір зат өздеріне тән тілімен теңдессіз тұлғаға “Хош келдің!” деуге дайындалып, шаттанып тұрды.

Пайғамбардың (с.ғ.с.) келуіне санаулы күндер, бәлкім, сағаттар қалған. Дүние тылсым нұрға малынып, көкжиектен таңғажайып сырлы жарық көріне бастады. Күллі адамзат жаны шүберекке түюлі, бар үміттері әне-міне келетін құтқарушыда. Ата-аналар елшінің өз үрім-бұтағынан шығуын тілеп, барын салуда.

Бірақ Ол Хазіреті Ибраһимнен Исмайылға жалғасып, Әбдімүтәлібтен Абдуллаға өткен алтын текті нәсілден келетін. Ізгі жандар да осы уызы арылмас шежіреден үзбей жалғасар нұрды күтуде.

Пайғамбар (с.ғ.с.) дүниеге келерде түрлі құбылыстарымен ақиқат жаршысын сүйіншілеп тұрды. Сол түні ерекше бір жұлдыз туды. Тосын құбылыстар сүйіншіленген Пайғамбар (с.ғ.с.) дүниеге келгенде, Иранда мыңдаған жылдардан бері жанып тұрған отқа табынушылардың алауы өз-өзінен сөнді де қалды. Мәдайін қаласындағы зәулім Кисра сарайының сәулетіне сән қосқан тірекбағандары да өз-өзінен қирап түсті. Пұтқа табынушылардың Кағба маңындағы барлық пұт атаулысының күл-талқаны шықты. Бұл – тегін емес, бір Құдайға деген сенімді нықтайтын тәухидтің мысы еді.

Яһудилер (еврейлер) мен христиандар арасында ілімі күшті ғалымдар көп-ті. Олар кейбір нәрселерді күні бұрыннан болжап отыратын. Соңғы пайғамбардың келетіні жөніндегі мағлұматтарды да кітаптарына үңіліп, зерделеп көкейге түйе білген-ді. Келетін пайғамбардың ерекше белгілерін де өзара

білетін. Бір ғана білмейтіндері – ақырзаман пайғамбарының қашан туатындығы еді.

Бұл жайға Салман Парсының (? - 658) өмірі дәлел бола алады. Бұрын ол мәжуси (отқа табынушы) еді. Кейіннен оның тұла бойында хақ дінге деген құштар сезім пайда болып, сол дінді тапсам, көрсем деп ынтығып тұрды. Артынша христиандықты қабылдады да шіркеуден шықпады. Жан-тәнімен беріліп ұстаз тұтқан монахтан өлер алдында өзіне басқа бір монахты насихат етуін сұрады. Ол да өзінің сенім артқан бір монахына баруын насихаттады. Ол осылайша көптеген монахтар жанында болды. Кейіннен көз жұмғалы жатқан қарт монахтан бұрынғыдай басқа біреуге баруына насихат сұрағанда, христиан ғалымы оған: “Балам, дәл қазір саған насихат ететін ешкім қалмады. Бірақ соңғы келетін пайғамбардың заманы өте таяу. Ол хазіреті Ибраһимнің ханиф дінімен келіп, Ибраһимнің хижрат (көш) еткен жерінен шығады. Басқа жерге хижрат етіп, сонда орналасады. Оның пайғамбар екеніне анық дәлелдер бар. Шамаң келсе, сол жерге жет.

Мен білетін үш айқын дәлелі мынау: Ол садақа алмайды, бірақ сыйлықты қабыл етеді, екі иығының ортасында пайғамбарлығын дәлелдейтін мөрі бар”, – деп пайғамбарымызды нұсқады.

Салман Парсы әңгімесін әрі қарай жалғастырды:

“Монахтың айтқан жеріне бару үшін керуен іздедім. Ақырында таптым да, жол ақысын өтеуге келісіп, мені сол жерге апаруларын өтіндім. Қабыл етуін қабыл етті-ау, бірақ “уадил Қураға” келген кезде опасыздық жасап, мені құл деп бір яһудиге сатып жіберді. Барған жерімнің құрма толы бау-бақшасын көргенде, бәлкім, монахтың айтқан жері осы шығар деп, сонда тұрақтадым.

Бір күні Бәни Қурайза яһудилерінің біреуі мені сатып алып, Мәдинаға апарды. Ол жердің де құрма өскен керемет бау-бақшасы бар екен, сонда жұмыс істеп жүрдім. Алла Елшісінен ешқандай хабар болмады.

Бір күні ағашқа шығып, құрма жинап жатқанмын. Яһуди қожайыным көлеңкеде отырған-ды. Күтпеген жерден оның ағасының баласы шыға келді де: “Құдайдың қаһарына ұшырағыр! Бүкіл халық Құбаға кетіп жатыр. Меккеден келген

біреу пайғамбарлығын жария етіпті. Оны пайғамбар екен деп сеніп жатқандар бар көрінеді» деді. Сол сәтте толқып кеткенім соншалық, тізем дірілдей бастады. Сәл болмағанда қожайынымның үстіне құл-ап түскендей едім. Ағаштан лып етіп түстім де әлгі адамға: “Не дейсің? Бұл қандай хабар?” – дедім. Қожайыным қатты толқып тұрғанымды байқап, шапалақпен жағымнан салып жіберді: “Сенің не шаруаң бар? Жұмысыңды істе!” – деді. Мен болсам күбірлеп: “Жай әншейін сұрап едім”, – дедім. Сөйттім де қайта ағашқа шықтым. Ымырт үйіріле, қолымдағы барымды жинап, Құбаға тартып кеттім.

Алла Елшісі сахабаларымен сұхбаттасып отыр екен. Мен: “Садақа алатын кедей кісілерді іздеп сіздерге келдім. Мына дәмнен алыңыздар”, – дедім.

Алла Елшісі жанындағыларға: “Сендер жеңдер”, – деді. Өзі ауыз тимеді. Ішімнен: “Монахтың айтқан бірінші белгісі” дедім. Ертеңіне тағы бардым: “Бұл садақа емес, сіздерге арнаған сыйым, дәмнен алыңыздар”, – дедім.

Алла Елшісі сахабаларға “алыңдар”, – деді. Өзі де жеді. Ішімнен “екінші белгі де анықталды” дедім.

Бір күні сахабалардың бірі қайтыс болды. Алла Елшісі де жаназаға қатысып, “Бақиу’л-ғарқадқа” (Медина мазараты)



«Жомарт – Аллаһқа,
жәннатқа және халыққа
жақын, жәһәннамнан
алыс. Сараң – Аллаһтан,
жәннаттан және
ел-жұрттан алыс,
жәһәннамға жақын»

келді. Жанына барып сәлем бердім. Сосын пайғамбарлық мөрін көруге тырыстым. Ол ниетімді сезе қойды. Иықтары ашық екен. Осылайша көзге ұрып тұрған пайғамбарлық мөрін көрдім. Үшінші белгі де дәл монахтың сан жылдар бұрын айтқанындай-ды. Өзіме-өзім ие бола алмай қатты толқып, құшақтап мәрді сүйе бастадым. Алла Елшісі (с.ғ.с.): “Тоқта, тоқта”, – деді. Мен кейін шегіндім. Содан кейін басымнан кешкенімді баян еттім. Ол қуанып бұл айтқандарымды сахабалардың да естуін қалады...”

Салман Парсының әңгімесін осы жерден үзіп, ұлы тұлға дүниеге келген тарихи мерзімге оралайық.

Милади 571 жыл. Көкек айының 20-сы. Рәби’ул-әууәл (ай календары бойынша) айының он екінші түні. Меккенің қарапайым отауларының бірі... Дүйсенбінің таңы атуға жақын, сәресі уақыты. Осы қарапайым ғана үйде, құтты сәтте жалғанда жалғыз рет болатын қайталанбас керемет оқиға жүзеге асты: екі дүниенің сұлтаны – хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с) дүние есігін ашты.

Содан бастап бүкіл әлем бұған дейінгі қайғы-қасіретін ұмытып, шаттыққа кенелді. Қараңғылық түндігі сыпырылып, айнала нұрға бөленді. Өйткені әлемге ғаламның рақым нұры – пайғамбарымыз келді!

Пайғамбарымыз туған сәтте атасы Әбдімүтәліб Қағбаның жанында құрайыш ақсақалдарымен әңгіме-дүкен құрып отырған-ды. Сүйінішті хабар оған да жетті. Оның қуанышы қойнына сыймай, үйіне қалай жеткенін де аңғармады. Торсық шеке немересін құшағына ала салып, емірене аймалады. Әлден уақыттан соң немересін ұлы Әбу Тәлібке ұстатып тұрып:

– Осы баланы саған аманат еттім. Ол мәртебесі биік, ерекше құрметке бөленетін жан болады, – деді.

Шаранаға ат қою сәті келгенде ол ойланбастан:

– Мұхаммед болсын, – деді.

Арабтарда жаңа туған сәбиге ата-бабаларының атын қою рәсімі ежелден бар-ды. Көпшіліктің:

“Неге аталарымыздың бірінің атын қоймадың?” – деген сауалына Әбдімүтәліб “өмірінің ғибратты да баянды болып,

Алла тарапынан да, адамдар тарапынан да мақтауға лайық болғанын қалаймын”, – деп жауап берді.

«Мұхаммед» деген есімді Алла тағала алдыңғы пайғамбарларға келтірген “Тәурат”, “Інжіл” секілді кітаптарда айтылған уәделі сөздерін ақиқатқа шығару мақсатында оларға таңдатты.

Иса (ғ.с) “Інжілде” өзінен кейін “Фарақлит” атты соңғы пайғамбар келетіндігін хабарлаған. Яһуди тіліндегі Фарақлит арабшадағы Мұхаммед, Ахмад деген есімдермен мағыналас. Осыны Құран кәрімдегі “Саф” сүресінің 6 аяты растайды.

“Ей, Исрайыл ұрпақтары! Сендерге мені Алла жіберген, өзімнен бұрын келген Тәуратты растаушы, өзімнен соң “Ахмад” атты пайғамбар келетіні туралы қуанышты хабар әкелуші пайғамбармын”, – деген.

Демек, атасы Әбдімүтәлібтің немересіне Мұхаммед деп ат қоюы жайдан жай емес, Алла тағала оның жүрегіне салған еді.

Шынында да, хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз Алланың, барша адамзат баласының, тіпті періштелердің де мақтауына ие болған бұл дүниедегі жалғыз адам-ды. Өйткені Ол осынша марапатқа, құрметке лайық жан еді. Мұншалық мадаққа Ол (с.ғ.с) терең иманы, Алла жолындағы ынта-ықыласы мен әсем де көркем мінез-құлқы арқылы қол жеткізді. Бұл мәселеде оған теңдесетін ешкім болған емес-ті.

Ол (с.ғ.с) ана құрсағында жатып, әкесінен, бес-алты жасқа жеткенде анасынан айрылды. Оны атасы Әбдімүтәліб қамқорлығына алды. Сегіз жасқа толар-толмаста атасы да көз жұмды. Алла Оны барлық жақынынан айырып, өзіне шексіз мойынсұнуға, ертеңгі күні күллі жетім-жесірлер мен ғаріптердің аянышты жағдайын жақсы түсініп, сезінуге дайындап жатқандай-ды.

Иә, Ұлы адамның дәл осылай қиыншылық күндерді бастан кешіруі заңды. Қарамағындағылармен мейірімді әкедей қарым-қатынас жасау үшін, жетімнің қандай екенін сезінуі де аса қажет-ті. Қол астындағылардың жағдайын түсініп, оларға жылы шыраймен қарап, қолдан келер көмегін аяп қалмауы үшін жоқшылықты да көруі ләзім-ді. Сондықтан да Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) аты күллі әлемге тарап, араб

әлемі аузына қараған шақта да ол өзінің осы бір қамқор мінезінен айнымай, жетім көрсе жебеп, жесір көрсе демеп отырды.

Алла тағала қасиетті Құранда бұл жайлы:

“Алла тағала сені жетім қалғаныңда қамқорлыққа алмады ма? Қатты абыржып мұңайғанда, тура жолға салмады ма? Кедейлікке түскеніңде дәулетке кенелтпеді ме? Ендеше, жетімді қақпа, сұраушы, тіленшіге зекіме. Раббыңның ырыс-берекесін тоқтаусыз, толассыз айтып түсіндір”, – (“Дұха” сүресі, 6-11) дейді.

Алла Елшісі (с.ғ.с) бала күнінде қой да бақты. Есейе келе үлкендермен бірге даулы мәселелерге қатысып, шеше білді. Өйткені Ол (с.ғ.с) жас кезінен елге сенімді, аманатқа берік “Әмин” (сенімді) деген атқа ие болған-ды. Барлық адамдар оны осылай қабылдады. Ерекше сенімге ие болған жан пайғамбарлық сынды жауапкершілігі мол істе қалайша өтірік айтсын?!

Иә, Алла Елшісі (с.ғ.с) әділдігімен қоса мейірімі мол жан ретінде де пайғамбарлық уәзипасы келгенге дейін-ақ аты шыққан болатын.

Өзіне пайғамбарлық жүктелгенге дейін де Ол пайғамбар тәрізді пәк ғұмыр кешті.

Оның балалық пен жастық шағының, қылыштай қайратты кездерінің бәрі де пайғамбарлықтың баспалдақтары болды. Өмір сүрген уақыты қараңғылық дәуір болса да Ол таза қалпын сақтады.

Оған пайғамбарлық қонып, міндетін атқаруға келгенде Мекке басшылары мен құрайыш руының белділері ақиқатты көріп тұрса да шындықты мойындаудан бас тартып, қыңырлықтарына басты. Кезінде өздері “Әмин” деп атаған іштеріндегі ең сенімді Жан, енді Алладан хабар алып, өзінің пайғамбар болғандығын білдіргенде қолдаудың орнына қасарысып шыға келді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір мезгіл Хира үңгіріне барып, қараңғы жандардан жырақта, іштей Жаратушысына жалбарына дұға ететін. Табиғат аясында отырып, шексіз әлемнің жаратылысы туралы толғанып, тау-тас, ағаштармен

іштей күбірлесіп, сырласатын. Жанына тыныштық бермей ақиқат іздеген жұдырықтай жүрегі Жаратушысын іздеп мазасызданатын.

Иә, күллі әлемнің мақтанышы – хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) рухы сырттай қарағанда жалғыздыққа ұмтылғандай болғанмен, шындығында ол жүрегінің түкпіріндегі бір жаратушыға деген құштарлықпен әлек-ті.

Оңаша жалбарынып отырғанда надандық жайлаған қоғамды құтқаратын біреуді жіберуін жалбарынып, тілеген де болар. Алайда, бүкіл әлемді надандық пен тағылықтан құтқарушы Өзі болатындығын Ол (с.ғ.с) білген жоқ.

Осылайша сырғып, уақыт кемесі 610 - жылға аяқ басқан. Сан жылдар артта қалып, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) қырық жасқа толды.

Ардақты тұлға зайыбы хазреті Хадиша (р.а) (555-621) әзірлеп, тағам салған дорбасын арқалап, әдетінше жылда рамазанда ғибадат жасайтын Нұр тауына бет алды. Бұл жер жанға жайлы, қаланың у-шу тірлігінен ада, құлшылыққа оңтайлы мекен еді. Бұл жерде бабасы хазреті Ибраһим дінінде Жаратқанға жалбарынып құлшылығын жасайтын. Осылайша Ол терең оймен Нұр тауының Хира үңгіріне де жетті. Жаратылыс біткен Оның қадамына гүл бітсін деп тілек тілеп тұрғандай, айнала тыныштыққа оранған. Жаратушы мен пендесі арасындағы нәзік байланысты бұзбайық дегендей тына қалған. Жексенбіден дүйсенбіге ауған, сәресіге таман сұлу жігіт бейнесінде барлық пайғамбарларға Алланың аяттарын әкелген Жебірейіл (ғ.с) періште көрінді. Ең алғашқы уахи осы тауда, осы уақытта “Оқы!” деген әмірмен келді.

Жебірейіл (ғ.с) тас түнек қараңғылықты жарып, айналасын нұрға бөлеген қалпында



хазіреті Мұхаммедке (с.ғ.с.) көрінді. Зор даусымен:

- “Оқы!”, – деп бұйырды. Хазіреті Мұхаммедті (с.ғ.с.) үрей биледі. Сонан соң бойын жинап:

- “Мен оқи алмаймын !

Оқу білмеймін!”, – деді. Жебірейіл хазіреті Мұхаммедті (с.ғ.с.) құшағына қатты қысты да, қайтадан:

- “Оқы!”, – деді.

Екі дүниенің сәруары – хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) алдыңғы жауабын тағы да қайталады.

- Мен оқи алмаймын!

Жебірейіл Оны (с.ғ.с.) тағы құшақтап, сосын қоя берді де, Алла тарапынан жолданған, Расулына қолма-қол табыстауға әкелген, “Алақ” сүресінің алғашқы аяттарын басынан аяғына дейін оқып шықты:

“Оқы!

Сені жаратқан Раббыңның атымен!

Ол адамды ұйыған қаннан жаратты.

Оқы, сенің Раббың — қаламмен жазуды, адамға білмегендерін үйрететін асқан жомарттылық иесі” (Алақ сүресі, 1-5 аят).

Толқу мен үрейден арылған хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) ана тілінде түсірілген аяттарды сөз бе сөз қайталап шықты. Ә дегеннен-ақ айтылған аяттарға Алла Расулының тілі төселіп, жүрек төрінен орын алды.

Міндетін орындаған Жебірейіл сол сәтте көзден ғайып болды.

Осылайша Алла елшісіне (с.ғ.с.) пайғамбарлық қонып, әлемді қараңғылық тұманынан құтқару міндеті жүктелді. Балалық пен жастық шағынан бері кіршіксіз ғұмыр кешкен асыл тұлға қырықтың қырқасына шыққанда қалай ғана өтірік айтып «пайғамбармын» деп жар салсын?! Оның бойына біткен асыл қасиеттерін тіпті дұшпаны да мойындап бас имеп пе еді?!

Әлі мұсылман бола қоймаған, дұшпаны болған Әбу Суфиян (567-652) Хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) туралығын кезінде былай мойындағаны белгілі.

Алла Елшісі (с.ғ.с) көрші ел патшаларына хат жіберген-ді. Солардың бірі Рим императоры Гераклге арналған-ды. Геракл

хатты басынан аяғына дейін оқып шығып, Шам аймағында жүрген Әбу Суфиянды шақыртып алды. Екеуінің арасында мынандай сұхбат болды:

- Оған ең көп қосылып жатқан кімдер, байлар ма, кедейлер ме?
- Кедейлер.
- Оған иман еткендердің ішінен бас тартқандар болды ма?
- Қазірге дейін бола қойған жоқ.
- Мұсылмандардың сандары артып жатыр ма, әлде кеміп жатыр ма?
- Күн сайын артуда.
- Өмірінде Оның жалған сөйлегенін естіп, көріп пе едіңдер?
- Жоқ, жалған сөйлегенін ешқашан естімедік.

Хаттың ғажайып әсерімен қоса сол кездегі мұсылмандардың қас дұшпаны Әбу Суфиянның жоғарыдай жауаптарын естіген Геракл салмақты қалпын сақтап:

- Осы уақытқа дейін адамдарға жалған сөйлеуден бойын аулақ ұстаған жанның енді Хақ тағалаға жалған сөйлеуі мүмкін емес, – деді.





ӨНЕТГЕГЕ ТОЛЫ ҒҰМЫР



Адамзат пайғамбарларға қарап, бағыт түзеп, бағдар алады. Олар – адамға әрбір істе қайталанбас үлгі, ізгілік жолындағы қолжетпес биік шың, адасқанға жол сілтейтін жарық жұлдыз. Хазреті Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың өнегелі өмір жолы қанша ғасыр өтсе де ескірмей, керісінше, ғасырдан ғасырға жалғасып, ғалымдар мен түрлі сала мамандарын таң қалдырып, адамзат көгінде жарқыраған жұлдыз болып тура жол көрсетуде. Бүгінде соңынан екі миллиардқа жуық мұсылман еріп, күн сайын мыңдаған жандар Оның осы асыл қасиеттеріне тәнті болып, тілімен, жүрегімен “Лә иләһә илла Алла, Мухаммәдуррасулулла” яғни “Алладан басқа Тәңір жоқ, Мұхаммед Оның Елшісі” кәлимәсін қайталап, ислам дінінің қайнарына қанығуда.

Кез келген жанның бет-әлпеті – тани алатын адам үшін иесі жайлы мағлұмат беретін кітап тәрізді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) нұрлы жүзінде тек туралық көрінетін. Мұны байқаған яһуди ғалымдарынан Абдулла ибн Сәлам Пайғамбарымызды (с.ғ.с) бір көргеннен: “Мына жүзде еш жалғандық жоқ” деп дереу иман етсе, Абдулла ибн

Рәууаһа: “Егер Оның (с.ғ.с.) пайғамбарлығын қуаттайтын айқын мұғжизалар болмаған жағдайда да Оның нұрлы жүзі – көрген адамның иман етуіне жеткілікті еді”, – дейтін.

Ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жаратылысы мен мінезі жөнінен адамдардың ең кәмілі еді. Ол орта бойлы, екі алақаны мен екі жауырынының (екі иығының) арасы кең, толық та, арық та емес, орташа денелі еді. Көздері қара, кірпіктері ұзын болатын. Бұрылса, бүкіл денесімен бұрылатын. Саусақтары да салалы еді. Екі алақаны етті, сүйегі ірі, кеуделі, күшті, қайратты еді. Терісі жібектен де жұмсақ-ты. Қастары иілген жаңа туған айдай, қалың, бір-біріне қосылмайтын. Екі қасының ортасында бір тамыры болатын, ренжігенде қозғалып тұрар еді. Қыр мұрынды, сақалы қалың, дөңгелек жүзді, қызыл шырайлы, жүзінен нұр тамып тұратын. Екі жауырынының ортасында пайғамбарлық мөрі бар еді. Маржандай тізілген мұбарак тістері, аппақ болып жарқырап, сөйлегенде алдыңғы тістерінен нұр шашырап тұратын. Денесі тап-таза хош иісті еді. Терлегенде де одан әдемі иіс шығатын. Біреуге қол беріп амандасса, ол кісі күні бойы сол иіске бөленіп, көңілі хош жүретін. Мұбарак қолымен бір сәбидің басын сипаса, ол өзге сәбилерден хош иісімен ерекшеленіп шыға келетін.

Пайғамбарымыз өте сезімтал, алыстағыны еститін, адамның көзі жетпейтін жердегіні көретін. Қимылы орташа болатын. Жүргенде жеңіл адымдап, тез-тез жүретін, сырттан қарағанда жай жүріп бара жатқандай көрінетін. Бірақ жанындағылар тез жүрсе де ілесе алмай қалып қоятын. Бос сөз сөйлемейтін, әрбір сөзі хикмет, насихат еді. Жылы жүзді, майда тілді болатын. Ешкімге жаман сөйлемейтін, ешкімге жамандық жасамайтын, ешкімнің сөзін бөлмейтін. Жұмсақ мінезді, әрі кішіпейіл, айбатты әрі байсалды еді. Қатты күлмей, тек жымиятын. Қарағанда көз қырымен қарайтын. Сахабаларды алдына жіберіп, өзі соңында жүретін. Кімге болса да бірінші болып сәлем беретін.

Туған-туыстарын құрмет тұтатын, үй-іші, сахабаларымен жақсы қарым-қатынаста болатын. Қызметшілерін жақсы көретін, өзі не ішсе, не кисе, қызметкерлеріне де соны ішкізіп, соны кидіретін.

Қолы ашық, мейірімді, мәрт мінезді еді. Уәдесіне берік-ті.

Қорыта айтқанда, жаратылысы да, мінезі де әдемі, көркем жібектей еді, адамдардың ең кәмілі, теңдесі жоқ еді.

Құран кәрімде “Біз сені бүкіл әлемге рақым етіп қана жібердік” (“Әнбия” сүресі, 107-аят) делінсе, Алла Елшісі мұны бүкіл ғұмырымен тамаша жүзеге асыра білді. Екі жиһан сұлтанының рақымдылығы – тек адамзатты ғана емес, барлық болмысты қамтыған және әлі де қамтып келе жатқан, бұдан кейін де қамти берер терең сүйіспеншілік.

Хазіреті Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) еске алғанда, көз алдымызға тек қана мейірім, сүйіспеншілік келеді. Ол бүкіл адамзатқа мейірімділік пен рақым алып келді. Достары түгілі, дұшпандары да одан тек қана жақсылық пен ізгілік көрді.

Мекке кезеңінде, мысалы, ең алғашқы мұсылмандарға мүшріктердің көрсетпеген қорлығы жоқ. Аптап ыстықта күнге қақтап діннен бас тартуға мәжбүрледі. Оларды туыстарынан айырып, көрсе болды тас лақтырып, ұрып-соғып, қорлықтан көз аштырмады. Мұсылмандардың саны өсуінен қауіптеніп, мұсылмандармен сауда жасауға тыйым салды. Оларды тұрған мекендерінен қуып шығып, шөл далаға қамады. Туыстарынан да бездіреді. Қаншама мұсылмандар аштықтан тіл тартпай кетті. Мұндай азапқа алғашқы мұсылмандардың тек «Аллаһ жалғыз» деген қасиетті сөзді жеткіземін деп душар болуында адамзат баласына сабақ болар үлкен ақиқат жатыр.

“Хұдайбия” сияқты шарттары ауыр келіссөзге қол қоюға мәжбүрледі. Хазреті Пайғамбарымыз (с.ғ.с) Меккені азат еткенде өзіне жасалған бұндай барлық қастандық, дұшпандық атаулыны кешіре білді. Енді өш алар, жазалар деп іштей қорқып тұрған жұртқа: “барыңдар, бүгін барлығың азатсыңдар, ешкім де жауапқа тартылмайды!” деді.

Ухуд соғысынан да осының ең озық мысалдарын таба аламыз. Ол жерде Алла Елшісінің (с.ғ.с) жанындай жақсы көретін туысы хазіреті Хамза шейіт болды. Қаза тауып қана қоймай, денесі сойылып әбден қорланды. Әпкесінің ұлы Абдулла ибн Жаһш та етше туралды. Өзінің басы жарылып, тістері сынып, тәні қанға бөкті. Ызалы дұшпандары бар күш-жігерлерімен соғысты. Өзін өлтіруге тырысқан сәтте хазреті Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз өзінің қасиетті қаны жерге тамса, оларды Алланың жермен-жексен ететінінен қорқып: “Аллам,

елімді кешір, өйткені олар (мені) білмейді!” – деп жалбарына дұшпандарына кешірім тіледі.

Неткен көл-көсір мейірімділік десеңізші! Өзін өлтіруге тырысқандарға лағынет айту орнына, керісінше, Аллаға дұға етіп, кешірім тілеп жалбарынуда.

Шындап келгенде, олар Ислам жаңа уағыздала бастаған кезде Пайғамбарымызды (с.ғ.с) мазақ етіп, бетіне түкіріп, намаз оқып тұрғанда басына түйенің ішек-қарнын ақтарып, кішкентай балаларды айтақтап, тас боратып, әлемге мейірім әкелген Пайғамбардың (с.ғ.с) басын жарып, ең жақын достарын өлтіргендер еді. Осылайша өзіне қиянат жасағандарға Ол: “Аллам, бұлар менің пайғамбар екенімді білмейді ғой. Білсе бұған бармас еді. Оларды кешіре гөр!” деп кешірім тіледі. Ол (с.ғ.с) осындай мейірімді де кешірімшіл жан еді. Меккені азат еткеннен кейін өздеріне азап шектірген қауымды жазалау да қолдарында еді. Алайда, Алла Елшісі (с.ғ.с) кеңпейілділігімен пайғамбар екендігін тағы бір рет дәлелдеді.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): “Мен лағынеттеуші емес, рақым етуші етіп жіберілдім”–деуі Рақым Пайғамбарының жүрекжарды сөздері еді. Ол халыққа қайғы мен қасірет арқалатып я болмаса қарғыс айтып лағынеттеуші емес, барша жұртқа Алладан рақым тілеу үшін жіберілді.

Алла Елшісінің (с.ғ.с) балаларға деген мейірімі де ерекше еді десек қателеспейміз. Кейде Ол (с.ғ.с) балалармен бала да болып кететін. Немерелерін иығына мінгізіп, оларды ойнатып, қатты еркелететін. Немерелері Хасан мен Хұсейнді Пайғамбардың (с.ғ.с) құшағына алып, аймалағанын көргенде Ақра ибн Хабис: “Ойпырым-ай, менің он балам бар, осы уақытқа дейін ешқайсысының маңдайынан иіскеп, бастарынан сипап көрмеппін”,– дегенде Алла Елшісі (с.ғ.с): “Мейірім көрсетпегенге (Алладан) мейірім жоқ”,– деп жауап береді.

Мейірім Пайғамбары (с.ғ.с) тіпті жан-жануарларға да мейіріммен қарады. Анасынан айрылып шырылдаған құс балапанының дауысын естісе, жүрегі езіліп, құс балапанымен қауышқанша көңілі жай таппайтын.

Бір жорықтан қайтып келе жатқан кез. Тынығу үшін тоқтаған кезде сахабалардың бірі құс ұясын көріп, одан балапанын алып қызықтай бастайды. Осы кезде ана құс келіп, балапан-

дарын кісі қолынан көрісімен, қанаттарын сабалап, айналып ұша бастайды. Осыны көрген Алла Елшісі (с.ғ.с) ашуланып, балапандарды тез ұясына қоюды әмір етеді.

Пайғамбарымыздың бойындағы адамилық қасиеттер мүлдем ерекше еді. Кез келген кісінің бір-біріне қарама-қайшы екі көркем қасиетті араластырып, шатастырмастан тепе-теңдігін сақтап алып жүруі өте қиын. Мысалы, біреу жомарт, бірақ ол жомарттығын ысырап дәрежесіне дейін апаруы мүмкін, немесе қолындағысын үнемдеймін деп жүріп сараңдыққа бой алдыруы да ықтимал. Батыр, қаһарман, бірақ ержүректік қасиеті өз арнасынан шығып, алды-артын аңдамайтын, жақсы-жаман деп талғамайтын соқырлық дәрежесінде қатыгездікке ұласуы ғажап емес.

Пайғамбарымыз жақсы қасиетті қарама-қайшы қасиетпен араластырмаған. Өз арнасынан тасытпаған. Алла Елшісі (с.ғ.с) ержүрек, батыр және мұнысымен қоса құмырсқаны байқамай басып кетсе, жүрегі елжіреп, қоя беретіндей аса мейірімді, рақымды, кішіпейіл еді. Өте мейірімді боламын деп ешқашан қорқақтық пен қорлануға бас имеген. Алла Елшісі (с.ғ.с) өте салмақты, байсалдылығымен қоса жанындағы адамдарға шаттық сыйлай алатын, күлкісі күміс шашқан жарқын жүзді еді. Қысқасы, әр қасиетті өз мөлшерінде ұстай білген. Яғни, таразының екі басын тең ұстап, тепе-теңдікті сақтаған.

Оның бүкіл ғұмыры, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы – тек пайғамбарда ғана кездесетін ерекшеліктер. Алла тағала Құранда: “Сен керемет мінез-құлыққа иесің” (Қалам сүресі, 4 аят) – дегенде, Алла Елшісінің бойындағы осы қасиеттерді нұсқайды. Оның (с.ғ.с.) бұндай қасиеттері адамзатты әлі де тәнті етуде.

Абай атамыз халықты Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) үлгі алуға былай деп үндейді:

Алла мінсіз, әуелден пайғамбар хақ,
Мүмин болсаң үйреніп сен де ұқсап бақ...”

Иә, он төрт ғасыр бұрын ғұмыр кешкен Алла Расулының (с.ғ.с) көркем де әсем мінез-құлқы әрбір мұсылман баласының аңсарына айналды. Себебі, Ондағы бұл асыл қасиеттер – адамзатты адамдықтың асқар шыңына шығарар, өзгермес

ереже-қағида, барлық жақсылық атаулыға бағыт көрсетер темірқазық іспетті.

Жаратылыстардың абзалы болған адам баласына тән жомарттық, әділдік, шынайылық, шыншылдық, сенімділік, мейірімділік, тақуалық, сабырлылық сынды қасиеттердің ең биік шыңында қашанда Алла Елшісі (с.ғ.с) тұрды.

Алла Елшісінің (с.ғ.с) бойына сіңген тағы бір қасиет – жомарттығы еді.

Абдулла ибн Аббас Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) жомарттығы жайлы “Алланың елшісі адамдар ішіндегі ең жомарты еді. Ораза айында Жебірейілмен бірге болған кезде қолында барын тегіс тарататын. Жебірейіл әр түні келіп Оған Құран үйрететін. Жел айдап келген аймаққа бұлт келіп, бұлт келген аймаққа жаңбыр жауып берекетке бөленсе, Жебірейіл періште Пайғамбарымызды сол жүрген жерін берекетке кенелтетін бұлттан да асырып “Алланың елшісі берекет әкелуші желден де жомарт” дейтін.

Рахым Пайғамбары (с.ғ.с) көркем мінезімен ерекшеленгені сияқты жомарттығымен де ерекше еді. Бұл Оның пайғамбарлыққа ғана тән қасиеті болатын.

Алла Елшісі (с.ғ.с) өзі де өнегелі өмірінде жомарттықтың керемет үлгісін көрсетуімен қатар мәрттікке байланысты: “Жомарт – Аллаға, жәннатқа және халыққа жақын, жәһәннамнан алыс. Сараң – Алладан, жәннаттан және ел-жұрттан алыс, жәһәннамға жақын” деген. Ол осы айтқан сөзінің үлгісі бола білді, әйтпесе пайғамбар бола ма?!

Әрине, ол қаласа, әлемнің ең бай адамына айналар да еді. Негізінде, хазреті Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарлығын жария еткен алғашқы күндерінде құрайыш тайпасы дағуасынан бас тартқызу үшін Оған осындай ұсыныс жасады да. Кейіннен де барлық мұсылмандардың Алла жолында беретін дүниесі үнемі өз қолында жүрді. Патшалардан келген сыйлықтардың да есебі жоқ еді. Бірақ Ол (с.ғ.с) бұларды мақсат етпеді.

Пайғамбарымыз соғыстан түскен олжаның бесте біріне Алланың бұйрығымен ие болатын. Яғни, мүлкінің бестен бірі Алла Елшісінің (с.ғ.с) жеке өзіне берілген-ді. Оны қалағанынша жұмсай алатын. Алайда хазіреті Омар (р.а) (585-644) бір күні Пайғамбарымыздың үйіне келген кезде, Оның тым жұпыны

хал-жағдайын көріп, жылап жіберді. Хақ Пайғамбар неге жылағанын сұрағанда, ол:

– Пайғамбарым! Әлемнің патшалары қазына мен байлыққа кенеліп шалқып жүргенде, сенің төсенер көрпешең де жоқ. Бар болғаны ши ғана. Ол да тәніңе батып, іздері қалып қойыпты. Әлем Сен үшін жаратылған емес пе еді?! – деді.

Алла Елшісі (с.ғ.с) сонда: “Омар, мына дүние олардың, ал ақырет біздікі болуын қаламайтын ба едің!? – деп жауап айтады.

Алла Елшісінің (с.ғ.с) тағы бір асыл қасиеттерінің бірі – сенімді (Әмин) әрі турашылдығы болатын.

Ол (с.ғ.с) бұл сипатқа пайғамбарлық қонғанға дейін де ие болатын. Тіпті қырық жасқа келіп, пайғамбарлық міндет жүктелгенге дейін ел ішінде ең сенімді тұлға ретінде танылғанды.

Мекке халқының кез келген біреуі сапарға шығар болса, қолындағы ең құнды заттарын еш күмәнданбастан Пайғамбарымызға (с.ғ.с) аманаттайтын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) аманатқа қиянат жасамаған. Өйткені оның дінінде аманатқа қиянат ету, уәдеде тұрмау және жалған сөйлеу – екіжүзділіктің белгісі саналатын. Тіпті, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) Меккеден Мәдинаға көшуге мәжбүр болған кезде де Мекке халқының қолындағы аманатын иелеріне тапсыру үшін хазіреті Әліні орнына қалдырған.

Осылайша Ол (с.ғ.с.) өзіне қарсы шығып, тіпті өлтіруді жоспарлап, елінен, жерінен кетуге мәжбүр еткен пенделердің де аманаттарына қиянат етпеді.

Ол осындай сенімділігі тұрғысынан да керемет үлгі-өнеге қалдырған ізгілікті жан еді. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа таусылмас жырға айналған Алла Елшісінің (с.ғ.с) тағы бір үлгілі қасиеті – кішіпейілдігі мен кісілік келбеті еді. Бос сөзден бойын аулақ ұстаған Мейірім Пайғамбары (с.ғ.с) пайдасыз нәрселерді сөз қылғаннан гөрі үндемдеудің абзалырақ екендігін жөн санайтын. Сөйлегенде сөзін байыппен терең толғанып айтатын кісі екендігі анық та айқын аңғарылатын. Сахабалар Оның аузынан шыққан әрбір сөзді қалт жібермей жаттап алуға тырысатын. Маңызды нәрселер жайлы айтқанда Алла Елшісі (с.ғ.с) ол сөзді үш мәрте

қайталап тыңдағанның, көңіл құтысына құя түсетін. Бос сөз сөйлеместен былай қойғанда, Екі әлем сардарының қатты дауыс шығарып күлгенін де ешкім көрмеген. Ол (с.ғ.с) тек езу тартып, сондай бір жылы шыраймен жымиып қана күлетін.

Ол жайлы Абдулла ибн Харис: “Үнемі күлімсіреуде Одан өткен ешкімді көрмедім”, дейді. Біреудің айыбын бетіне басып, кемшілігін жұрт алдында әшкерелегенін де ешкім көрмеген, бұл Оның (с.ғ.с) табиғатында жоқ нәрсе болатын.

Алла Елшісінің (с.ғ.с) кішіпейілдік келбетінің бір мысалын мына оқиғадан көруімізге болады. Кішіпейілділігі сол, көбінесе мешітке келгендер, Пайғамбардың кім екенін біле алмайтын, тек сахабалардың қимылдарынан яки Ол сөйлей бастағанда ғана барып, Алла Расулы (с.ғ.с) екенін айыра алатын. Хижрат заманында хақ Пайғамбарды (с.ғ.с) көрмеген мәдиналықтардың көбісі сол күні Әбу Бәкірдің (568-634) қолын сүюге ұмтылған еді. Бірақ ол қолына желпуіш алып Пайғамбарымызға қарай желпи бастағанда барып, Алла Расулының (с.ғ.с) кім екенін аңғарған-ды. Өйткені Алла Расулы (с.ғ.с) өзін Әбу Бәкірден ерекшелейтін ешқандай бір қылық көрсетпеген.

Оның қарапайымдылығын төмендегі хадистен де аңғаруға болады.

Хазіреті Айша (613-678) анамыздан риуаят етілген хадисте былай делінеді:

“Алла Елшісі өз үйінде жүргенде де қарапайымдылығынан аумайтын. Өз киімін өзі жуып, аяқ киімдерін жөндейтін. Үй істерінде әйелдеріне көмектесетін”.

Бұл кез әлемнің төрт тарапына пайғамбарымыздың аты жайылып, Ислам діні жайында әңгіме дүркіреп тұрған тұс. Ол уақытын өте орнымен пайдаланатын. Сондықтан да маңызды істер арасында үй іші шаруаларына да уақыт табатын. Хақ Пайғамбар (с.ғ.с) әрбір тамаша сипатының шыңында отыруға лайық еді. Және солай болды да.

Кезінде махзумилер руының бір әйелі ұрлық жасайды. Құрайыштар текті әулеттен шыққан бұл әйелді жауапқа тартпауды ойластыра бастайды. Пайғамбарымыз Усама ибн Зәйдті ерекше жақсы көретінін білгендіктен, араға соны салды. Ол әйелді жазаламауды өтініп, Пайғамбарымызға келеді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) сонда Усамаға:

– Осындай алалаушылығы себепті Исраил ұлдары жазаға душар болды. Олар кедейлерге ең ауыр жаза беріп, беделді және бай адамдарын жауапқа тартпайтын, – деді.

Пайғамбарымыз әділ үкім берерде ақсүйек, шаруа я болмаса мұсылман, кәпір деп ешкімді бөле-жармай, тең қарайтын.

Ол өте қарапайым еді. Бір күні сахабасы Абдулла ибн Юср Алла Елшісінің (с.ғ.с) үйіне барады. Баруын барғанмен өз Пайғамбардан қатты жүрексініп, жанарын тайдыра береді. Оның қорқып, аяқ-қолы дірілдегенін көргенде әлемнің ардақтысы: “Бауырым, қалтырама! Мен патша емес, құрайыштың қатқан нан жеген әйелінің ғана баласымын ғой”, деген.

Алла Елшісі мұсылмандар арасында ең қадірлі адам бола тұра қиыншылықтар ортасында жүрді. Үш күн бойы нәр татпастан аш жүрген күндері жиі кездесетін. Ол (с.ғ.с) сондай-ақ өте биязы жан-ды. Өзіне тас лақтырып, ауыр азаптарға душар еткен дұшпандарына да мейірімді бола білген, ұстамды да ұлағаты мол ұстаз-ды. Үмбеттеріне айтқан өсиеттерін жүзеге асыруда көшбасшы болды. Ораза ұстауға әмір берсе, алдымен өзі ораза ұстап, басқаларға үлгі бола білді. Намаз оқы десе алдымен өзі түнімен аяқтары талғанша намаз оқып, үмбеттеріне ұзақ дұға ететін. Зекет беруге әмір еткенде де мал-мүлкін Алла жолынан еш аямады.

Жомарттық пен әділдік айнасы бола білген Адамзаттың асқар тұлғасынан өнеге алған жолдастары Ол (с.ғ.с) дүниеден өткеннен кейін де әрбір істерінде Оны басшылыққа алып, хүкім беруде де Оны (с.ғ.с) үлгі қыла білді. Алла Елшісі өзіне тіл тигізіп, дөрекі сөйлегендерге жаза орнына кешірім етіп, олардың жүректеріне ислам шуағын сыйлады. Айтқан әрбір сөздері жүректерге қамбадай төгіліп, істеген амалдары ақиқат жаршысы екендігін баршаға паш етіп, оған деген махаббатты көңілдерге құя берді.

Пайғамбарымыз – тамаша тәрбиеші де еді. Оның (с.ғ.с.) теңдессіз тәрбиешілігінің алдында бүкіл әлем бас иеді. Пайғамбарымыз Араб түбегі қараңғы қоғамын бар-жоғы жиырма үш жыл ішінде тәрбиелеп, жетілдіріп әлемге үлгі болар қоғамға айналдырды. Әбу Бәкір, Омар, Осман (575-656), Әлі (600-661) секілді жұлдыздай жарық та биік сансыз тұлғаларды

жетілдіріп, ғаламға кәміл адамның үлгісін көрсетті. Тайпа-тайпаға жіктеліп, бір-бірімен қырық пышақ болып қырқысып, бітпейтін қан дауынан көз ашпайтын бұл қоғамда сөйтіп нағыз бауырлық пен ағайындықтың бейбіт туы желбіреді.

Қоғамының қанына сіңген адамгершілікке жат әдет-ғұрыптардың тамырына балта шауып, жоқ етті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осындай тәрбиеші, осындай ұстаз еді. Ол (с.ғ.с.) адамдарға ешбір істі қинап-мәжбүрлеп істетпеген. Айналасына жиналған нұр жүзді сахабалар Оның аузынан шыққан әрбір сөзді жан-жүректерімен қабылдап, жүзеге асыру үшін, керек болса, жандарын да пида етуге дайын тұратын. Оның ұстаздығына тәнті болған Муғауия ибн Хакам атты сахаба: “Одан асқан керемет мұғалімді бұрын-соңды көрмедім. Ол мені зекіп ұрыспады және қол жұмсап ұрмады”, – дейді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) керемет психолог еді. Ол адамдардың қоғамдағы дәрежесіне, ақыл деңгейі мен түсінігіне және мінез-құлықтары мен құбылмалы көңіл-күйлеріне қарай сөз таңдап, уақыт белгілейтін. Міне, сондықтан Ол кейде бір ғана сөзімен заманының заңғар тұлғаларының жүрегіне жол тауып, көңіліне Исламға деген сүйіспеншілік отын маздататын. Барлық сахабаға жүрегінен жеке орын беріп, ерекше назар аударғандықтан, әрқайсысы өзін “Пайғамбардың ең жақсы көретін адамы шығармын” деген ойда қалатын.

Пайғамбарымыздың әрбір қимылы, әрбір сөзі, өмірінің әрбір сәті барша адамзат үшін үлгі өнеге екені сөзсіз. Әрине, Мұхаммед (с.ғ.с.) секілді өз пайғамбардың ерекше ғибратты қасиеттерін сипаттап шығу, мінез-құлқы жайлы айтып тауысу мүмкін емес, сол себепті сөзімізді осы жерде нүктелейміз.



ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ АҚЫРҒЫ ХҰТБАСЫ

Мұсылмандар Мәдинаға көшкеніне он жылға аяқ басқан. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) Меккеге барып, парызын өтегісі келетін мұсылмандарға Мәдинаға жиналу туралы хабар жіберді. Ұзамай жан-жақтан келген мұсылмандардың қуанышымен қасиетті қала иман мен Ислам нұрына малынып, ұлы бір мерекеге айналды.

Қасиетті Қағба алыстан мен мұндалағанда Пайғамбарымыз: “Уа, Раббым! Осынау заңғар ғимараттың қадір-қасиеті мен кереметтігін арттырғайсың!..” – деп дұға жасады.

Осылайша олар қажылық парыздарын орындап, келесі жұма күні таң намазынан соң Мекке шетіндегі Минадан әрі қарай Арафатқа бағыт алады.

Сахабалардың “Аллаһу әкбарлатқан” даусы жер мен көкті жаңғырықтырды.

Арафат тауында Алланың атымен сөз бастаған Алла Расулы (с.ғ.с) жүз жиырма мыңға жуық сахаба алдында соңғы хұтбасын оқыды. «Қоштасу хұтбасы» деген атпен Ислам



тарихына енген Пайғамбар лебізі барша мұсылмандарға, күллі адамзатқа мәңгі өшпейтін өмір өлшемі секілді болды.

Бұрын-соңды бұл хұтба қазақ баспасөзінде жарияланбағандықтан, осы бір тарихи һәм естен кетпес уағыз мәтінімен оқушыларымызды таныстыра кеткенді жөн көріп отырмыз. Сонымен, Пайғамбарымыз:

“Ей, адамдар!

Айтқаныма зер салыңдар. Бәлкім, биылдан соң сендермен бұл жерде қайтара жүздеспейтін шығармын.

Халайық!

Бүгінгі күн, осы ай, мына қала (Мекке) қаншалықты қасиетті болса, мал-жандарың, ар-намыстарың да соншалық қасиетті, зорлық атаулыдан қорғалған.

Уа, сахабаларым!

Раббыларыңмен қауышатындықтарың хақ және осы дүниедегі бүкіл амал-әрекеттерің үшін жауап беретіндеріңді де біліңдер. Мен орталарыңнан кеткеннен кейін баяғы бітпейтін ұрыс-керіске, дау-дамайға қайта бой алдырып, бір-біріңнің қандарыңды жүктеуші болмаңдар. Осы өсиетімді естігендер естімегендерге жеткізсін. Бәлкім, естімеген адам бұл жерде менің осы сөздеріме куә болып, естіген адамнан да жақсы түсініп, жадында сақтауы мүмкін.

Уа, сахабаларым!

Қолдарыңда әлдебіреудің аманаты болса, қылдай қиянат жасамай, басы бүтін иесіне табыстасын. Пайыздық өсімнің барлық түріне тыйым салынды. Тек нақты қарызды қайтарған жағдайда басқаға зұлымдық жасамайсыңдар, әрі өздерің де зұлымдық көрмейсіңдер. Алланың әмірімен бұдан былай өсіммен пайда табуға тыйым салынды. Надандық жайлаған қараңғы кезеңінен қалған бұл әдет бұдан былай жойылуға тиіс. Алғашқы болып өзімнің көкем Аббастың өсімінің жойылғанын мәлім етем.

Уа, халқым!

Қараңғылық кезеңінен қалған қан дауына да осы жерде нүкте қойылды. Бірінші болып атам Әбдімүтәлібтің немересі, немере ағайының Рәбианың қан дауын жойдым.

Уа, жарандар!

Шайтан сендерге қайтадан әсер ету және өзіне бағындыру

күшінен мәңгілікке айрылды. Бірақ менің тыйған нәрселерімнен тыс өздеріңнің болмашы деп санаған нәрселерінде оған ерсеңдер, мұның өзі оны қуантады. Діндеріңді қорғау үшін бұлардан да сақ болыңдар.

Уа, адамдар!

Әйелдердің ақысын аяқ асты етпеңдер. Алладан қорқыңдар. Әйелдеріңді Алланың аманаты ретінде, әрі нәзік жаратылыс иесінің ар-намысын қорғауға Алла атымен сөз беріп, адал жар ретінде алдыңдар. Сендер әйелдерің алдында, әйелдеріңнің де сендердің алдарыңда хақысы бар. Сендер одан жар төсегін былғамауды талап етуге хұқылысыңдар. Сендердің қаламаған адамдарыңды үйлеріңе кіргізсе, әйелдеріңді шектен шықпай жөнге сала аласыңдар. Әйелдің ақысын өтеуге міндеттісіңдер, яғни олардың ішіп-жемін, киім-кешегін қамтамасыз ету сендердің міндеттерің.

Уа, мұсылмандар!

Сендерге киелі аманат қалдырып барамын, соны толық ұстансаңдар, ешқашан адаспайсыңдар. Ол Алланың кітабы – Құран.

Уа, мұсылмандар!

Сөзіме құлақ қойып, зерделендер! Мұсылман мұсылманға бауыр. Олай болса барлық мұсылмандар бір-бірінің (діндес) бауырлары. Діндес бауырларыңның разы болмаған жағдайда ақысын жемендер.

Уа, сахабаларым!

Тіпті өз-өздеріңе де зұлымдық жасамаңдар, оның да сұрауы болады.

Уа, адамдар!

Алла жалғыз, бәріміз Адам атаның ұрпағымыз, ал Адам топырақтан жаратылған. Алла назарында құрметке лайық жан – Одан ең көп қорқатын адам. Арабтың араб емеске үстемдігі жоқ. Адамдар бір-бірінен тақуа дәрежесіне қарай үстем бола алады.

Уа, жамағат! Мен туралы сауалға қалай жауап бересіңдер?” – деді.

Барша жиналғандар бірауыздан: “Сен Алланың елшісісің, бізге өсиетнасихат айттың, міндетіңді адал атқарғандығыңа куәміз”, – деді.



Пайғамбарымыз оң қолының мүбәрак сұқ саусағымен жамағатын нұсқап:

“Куә бол, уа, Раббым! Куә бол, уа, Раббым! Куә бол, уа, Раббым!” – деді.

Бұл хұтба адамзаттың асыл тәжі болған сүйікті Пайғамбарымыздың арада қанша ғасыр өтсе де, бейне бір өз аузынан төгіліп жатқандай, барша адамзатқа үлкен әсер беретін асыл сөздері.

Осындай жарқын да дара тұлға да дүниеден өтті деуге ешкім де сенбес еді. Алайда, Пайғамбарымыздың сырқаты келіп төсек тартып жатқанына да бірнеше күн болған...

Дүйсенбі... Пайғамбарымыз өміріндегі көптеген маңызды оқиғалар дүйсенбі күніне

сәйкес келген. Рәби'уләууал айының он екісі... Дүниеге көзін ашқан сәті де дүйсенбі еді... Пайғамбарлар падишасының бұл дүниедегі ақырғы күні. Өмірінің соңында да елге өсиетін айтып, ажарлы жүзі күлімсіреп, аузынан ақ маржандай сөздер төгіліп жатты. Сол күнгі соңғы сөздері:

“Уа, халайық! Қоп-қою қараңғылық секілді алауыздық пен жамандық тұманы басып келеді.

Уа, адамзат! Сендер мені теріске шығаратын дәлел таба алмайсыңдар. Өйткені мен тек Алланың Құранында айтылғандай арам мен адалдың аражігін үйреттім.

Уа, қызым Фатима!

Уа, әпкем Сафия!

Алла қабыл аларлық амал жасаңдар. Маған арқа сүйеуші болмаңдар.

Өйткені мен сендерді қанша ет жақын туысым болсаңдар да Алланың азабынан құтқарып қала алмаймын!” болды.

Хазіреті Фатима Алла Расулының (с.ғ.с.) көзі тірі жалғыз қызы еді. Ол жоғары мінез-құлығы, қимыл-қозғалысы, жүріс-тұрысы, бет-әлпеті қай жағынан да сүйікті Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қатты ұқсайтын.

Рәби'уләууал айының он екісі, дүйсенбінің кеші. Күн қызарып, ұясына қонуға таяған...

Алла Елшісі (с.ғ.с.) мүбәрак басын Айша анамыздың кеудесіне таяп жатқан күйі “Аллам, мені Рәфикул-Ағлаға – ең жоғары мәртебелі Ұлы Аллаға қауыштыр”, деп үзбей дұға етуде. Демі жиілеп, қиналғаны сезіледі. Сөйлеуге шамасы жетпей жатқанына қарамастан, соңғы деміне дейін үмметін ізгілікке үндеумен болды:

“...Намазға ықыласпен беріліңдер, намазға атүсті қарамаңдар!”

Осылайша Расулалланың (с.ғ.с) пәк рухы нұрлы тәнін тастап, мәңгілік әлемге жол салды. Сол кезде Алла Елшісі (с.ғ.с) дүниеден өткенін естіген жандар, жолдастары, хазреті Омар (р.а) сынды сахабалардың кейбіреулері Оның (с.ғ.с) дүниеден өткеніне сенбеген де еді. Батылдық пен қаһармандықтың символы саналатын хазіреті Омардың (р.а) өзі бұл қазаға егілгені соншалық, өз еркін билей алмай:

“Расулалла өлген жоқ, Ол тірі. Кімде-кім Мұхаммед (с.ғ.с.) өлді дейтін болса, қылышыммен жайратып саламын”, – деп айқайлап жатты.

Алайда барлық адам баласына келген ажалдың Оған да (с.ғ.с) келетіні ақиқат еді. Осы шындықтан аса алмаған жолдастары оның жарқын бейнесін ғана құшып, көз жастарына ерік беріп, мәңгілік сапарға аттандырды.

Өмірінде қандай нұрлы да жарқын болса, өлімінде де еш өзгермеген Алла Расулының нұрлы жүзін құшып, хош иісті құшырлана иіскеген хазіреті Әли: “Ата-анам сен үшін құрбан болғай, уа, Расулалла! Өмірің де, өлімің де тәтті”, – деді.

Мұнан соң Нұрлы Нәбидің мәйіті хазіреті Әли, хазіреті Аббас, Фадыл ибн Аббас және Шукран тарапынан кебінделіп, отауындағы тақтай төсектің үстіне жатқызылды.



ДОСЫ ДА, ДҮШПАНЫ ДА МОЙЫНДАҒАН

Бүгінгі таңдағы әрбір ғылым, әрбір сала өз тілімен “әшһәду әннә Мухаммадар Расулулла” деп Оның шынайы Алла Елшісі екенін растауда.

Бұған дәлел, америкалық ғалым Майкл Харт өзінің “Адамзат тарихындағы ұлы жүздік” атты кітабында адам баласының тарихында өнегелі де ғибратты із қалдырған ұлы тұлғалардың өмірбаяндарын жазған. Майкл Харт еңбекте Аристотель, Платон, Евклид, Архимед бастаған топ алдында ең бірінші етіп Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымызды қойған. Бұлтартпас ғылыми тұжырым жасау үшін Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) өмірбаянын басқа тұлғалармен бірге компьютерге енгізген Майкл Харт таңданысын жасыра алмаған. Себебі компьютерге түскен 100 адам ішінен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) есімі бірнеше мәрте бірінші болып шыға берген.

Иә, ғаламға қайталанып келмейтін дара тұлғаның, Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның (с.ғ.с.) өнегелі ғұмырын, Оның (с.ғ.с.) ұлы тұлғалығын мұсылмандар ғана емес, көзі ашық, көкірегі ояу басқа дін мен мәдениет өкілдері де мойындап, бас иеді. Осындай Алла Расулының алдында тағзым етіп, Оның (с.ғ.с.) кемеңгерлігін өздеріне басшылыққа алған кейбір атақты адамдардың сөздеріне құлақ салсақ, сөзіміз тұщымды болар.

Ламартин: “Ұлылардың ұлылығы немен өлшенсе онымен өлшенсін, бірақ хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ұлылығынан ұлы әлемде пенде жоқ”.

Гете: “Біздер, Еуропа халықтары, мәдениетіміз айрықша дамығанымен, хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ұлылығының ең төменгі сатысында ғана тұрмыз. Оған ешқандай шүбә келтіруге болмайды. Және бұдан кейін де одан ешкімнің аса алуы мүмкін емес”

А.Бесант: “...Егер дүниеде халықты дін қағидаларымен соңынан ерте білген біреу болса, ол – Мұхаммед (с.ғ.с.). Ол ешқашан өзін асыра бағаламады. Пайғамбар болу еш күмәнсіз оған тән еді. Қазір оның өмірі мен асыл мұратын түсінген кім

болса да, оның ұлылығына бас иері сөзсіз...”

Б.Шоу: “Егер қазіргі әлемді басқару хұқы Мұхаммед (с.ғ.с) секілді бір адамға берілетін болса, ол барлық мәселелерді майдан қыл суырғандай етіп оп-оңай шешер еді және бұл шешімдер сондайлық тыныштық пен бақыт әкелер еді. Мен Еуропаның ертең Мұхаммедтің (с.ғ.с) дінін қабылдайтынын болжаймын, тіпті Еуропа оның дінін қазірдің өзінде қабылдай бастады”

М.Харт: “Әлемде өте ықпалды болған адамдардың тізімінің басына Мұхаммедті (с.ғ.с) қоюым, кейбіреулерді таңдандыруы мүмкін. Алайда тарихта, дүниелік әрі діни салада сөзсіз табысқа жеткен адам сол ғана. Мұхаммедтің (с.ғ.с) исламға жасаған жеке ықпалы Иса Мәсіх пен Павелдің христиандыққа жасаған ықпалынан әлдеқайда артық. Діни және дүниелік ықпал етудің тарихта теңдессіз бірлесуі Мұхаммедтің (с.ғ.с) тарихтың ең ықпалды тұлғасы болуына жеткілікті”.

П. Хитти: “Мұхаммед (с.ғ.с) өте қысқа өмірінде сол кезге дейін географиялық ауқымдылығынан басқа ештеңесі жоқ өлкеде ұлық дін құрды. Бұл дін өте кең аймақтарда христиан және яһуди діндерінен озумен қатар, өте қысқа мерзім ішінде сол кездің мәдени аймақтарын қамтыған өте үлкен мемлекет негізін қалады”.

Родвелл: “Мұхаммедтің (с.ғ.с) мойнына алған міндеті мен миссиясы – тек Аллаға және ғайып әлеміне өте терең иманы болған адамның бойында кездесетін таңғажайып күш пен өмір үлгісі”.

Биссмарк сияқты даңқты қолбасшы: “Ей, Мұхаммед! (с.ғ.с) Сенің ғасырыңда тұмағаныма қатты өкінемін... Адамзат Сен сияқты ерекше тұлғаны бір-ақ рет көрді, бұдан кейін көре алмайды. Мен сенің алдыңда құрметпен бас иемін”, деген екен.

Осындай көптеген ірі тұлғалар тізімін санамалап жалғастыра беруге болады. Шын мәнінде хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с) өмірімен жете танысып, жүрек пен санаға тигізген әсерін ой елегіне салып зерделеген жан Оның ұлы пайғамбар екенін сөзсіз мойындайды.



ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ІНЖУ-МАРЖАН СӨЗДЕРІ

«Қайда жүрсең де Алла Тағаладан қорық! Егер әлдебір қате іс істесең, оны жуып-шаятын ізгілік жаса! Адамдармен әрдайым жақсы мінезбен қарым-қатынаста бол!»

«Бір-бірлеріңе сыйлық беріңдер. Сонда араларыңда сүйіспеншілік оянады».

«Шынайы мұсылман – өзгеге қолымен де, тілімен де зиян тигізбеген адам»

«Өздеріңе қалағанды өзгеге де қаламайынша, толық иманға жетпейсіңдер»

«Аллаһ Тағала өзі берген нығметінің әсерін құлының үстінде көргісі келеді»

«Кімде-кім дүниені қаласа, Құранды басшылыққа алсын! Ал кімде-кім ақыретті қаласа, Құранды басшылыққа алсын! Ал кімде-кім дүниені әрі ақыретті қаласа, Құранды басшылыққа алсын!»

«Кімде-кім Аллаһ разылығы үшін кішіпейіл болса, Аллаһ Тағала оның дәрежесін көтеріп, зор қылады. Ал кімде-кім тәкаппарланса, Аллаһ Тағала оның дәрежесін түсіріп, қор қылады».

«Шындықты ұстанған сенімді мұсылман саудагер – Қиямет күні шейіттермен бірге болады»

«Аллаһ Тағала жұмсақ. Барлық істе жұмсақтықты қалайды».
«Үлкендерімізге құрмет көрсетіп, кішілерімізге мейірімдік танытпаған адам бізден емес».

«Адамдардың көбі мына екі нығметтің: денсаулық пен бос уақыттың қадірін білмей, өткізіп алады»

«Өкесі баласына жақсы әдеп пен көркем мінезден да артық жақсы нәрсе қалдырған емес».

«Аллаһ Тағалаға аз да болса үнемі жалғасын тапқан іс ұнайды».

«Кімде-кім әлдебір жақсылыққа себепкер болса, сол жақсылықты істеген кісінің алатын сауабындай сауап алады».

«Кімде-кім бір құлдың мына дүниедегі мұң-мұқтажын шешіп берсе, Аллаһ Тағала ол құлдың ақыреттегі мұң-мұқтаждықтарын шешіп береді».

«Жеңілдетіндер, әсте ауырлатпаңдар! Сүйіншілеңдер! Бірақ шошытпаңдар».

«Нағыз парасатты адам – өз-өзін әрдайым таразылап отыратын әрі өлімнен кейінгі өмір үшін азық жинаған адам. Ал әлсіз, бейшара адам – нәпсісінің қалауына құл бола тұра Аллаһ Тағаладан жақсы сый күткен адам».


Алла тағала бәріміздің жүрегімізге терең иман, Пайғамбарымызға деген махаббат сыйлап, Оның үмбеті болуға лайық қылсын. Ақыретте Оның желбіреген ақ байрағының астында жиналып, кәусар бұлағынан қана ішуді нәсіп етсін! Әумин!

...Сәлімгерей осылай әңгімесін аяқтағанда азан шақырылды. Өке мен бала әл-Харам мешітіне намазға асықты.



Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абдул-Фаттах Әбу Ғудда, Әр-Расул-муғаллим, Дәрул-башайрул-Исламия, Байрут, 1997 ж.
2. Адамзаттың асыл тәжі, “Алтын қалам” баспасы, Алматы, 2004 ж.
3. Ад-Дарими, Әбу Мухаммад ибн Исмаил. Сунан. Египет, 1980 ж.
4. Ақиқат шуағы. “Алтын қалам” баспасы, Алматы, 2005 ж.
5. Ахмад ибн Ханбал. Муснад. Египет, 1949.
6. Әбу Дәуд, Суләймән ибн әс-Сижистани. Сунан. Египет, 1997.
7. Бухари, Әбу Абдилла Мұхаммед ибн Исмаил, Әл-Жамиус-сахих 1987 ж.
8. Ғаламның рахым нұры, “Дәуір” баспасы, Алматы, 2005.
9. Ибн Хишам, Сирән-наби, “Дәрул-жайл” баспасы, 1985 ж.
10. Мәлик ибн Әнас. Муатта. Египет 1951 ж.
11. Мұхаммед бин Са’д, әт-Табақату’л-Кубра, 1972 ж.
12. Муслим. Әбул-Хусейн ибн Хажжаж Сахих, 1973 ж.
13. Мәуліт, “Алтын қалам” баспасы, Алматы, 2006 ж.
14. Тирмизи, Мухаммад ибн Иса, Сунан, 1937 ж.
15. Хәйсәми, Нұриддин Али ибн әбу Бәкір. Мәжмағуз-зәуәйд. Египет, 1979 ж.



Мәуліт – қасиетті мереке. «Ғалам» атты алып кітапты адамзатқа түсіндіруші ақырғы Пайғамбар, соңғы Ұстаз осы күні дүниеге келді. Оның келуімен түсініксіз мына жұмбақ ғаламның мән-мағынасы айшықталды. Пұтқа табынып, нәпсіге құлдық ұрған пенделер шынайы Жаратушыны таныды.

Хақтың да, халықтың да ыстық ықыласына бөленген сүйікті Елші Меккеден Мәдинаға көшкен кезде ел-жұрт неше күн сарыла жолын тосты. Сағыныштарын әнге қосып «Бізге толықсыған ай туды, Бұған қалай шүкір етпессің?!» деп тебіренді. Оны (с.а.у.) көру үлкен думанды мерекеге ұласты.

Сүйікті елшінің Мәдина қаласына келуінің өзі үлкен мереке болса, Оның ғаламға келуі неліктен қуаныш болмасын?!

Ендеше, Мәуліт мерекелеріңіз құтты болсын!